

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ

БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖИНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ

ИНСТИТУТЫ



Филология факультеті  
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы  
5111300 – Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр бағдарының  
4 курс студенті Ретханов Нұрқозының

## ***БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ***

Тақырып: Мектепте Сұлтанмахмұт Торайғыров поэмаларын жаңаша оқыту

Студент:	Н. Ретханов
Ғылыми жетекші:	Ғ. Мамбеткаримов
Кафедра меңгерушісі:	ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

*Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2018-жыл 30-майдағы  
№9 протоколымен қорғауға ұсынылды.*

Нөкіс- 2018

Ретханов Нұрқозының «Мектепте Сұлтанмахмұт Торайғыров поэмаларын жаңаша оқыту» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «\_\_\_» балл («\_\_\_» %) қойылды.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2018-жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

## **ЖОСПАРЫ**

Кіріспе. Ақынның өнегелі өмір жолы

### **1. ТАРАУ. СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ – ПОЭЗИЯ ШЕБЕРІ**

1.1. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэмаларының мазмұны, тақырыбы мен идеясы

1.2. «Кедей» поэмасының көтерген мәселесі

### **2. ТАРАУ. СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ – ПОЭМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

2.1. Поэма жанрының өзіндік ерекшеліктері мен оны оқытудың әдіс-тәсілдері

2.2. Жоғары сыныптағы қазақ әдебиеті пәні дәстүріні □ қысқаша сипаты мен оны оқыту әдістері туралы

2.3. “Адасқан өмір” поэмасын жаңаша оқытудың негізгі методтары мен бір сағаттық үлгі жоспары

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

## АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

**Тақырыптың актуальдығы:** Қоғамдық ғылымдар арасында әдебиеттің алар орны ерекше. Дәуірдің тыныс мен келбетін көркем шығармада бедерлеу, сол арқылы оны таныту дәуір талабы. Қазақ жазба әдебиетінде С.Дөнентаев, С.Торайғыров, М.Сералин еңбектері қазіргі дербес дәуір көзімен қайта көргенде, олардың шығармаларынан ұлттық тереңдігімізді байқаймыз. Бұл шығарманың көкейтестілігін танытыды.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттері:** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті материалы халқымыздың ояну дәуіріндегі ұлттық санасының қалыптасуын айқындауға бет алған кезін танытады. Міне, мұны айқындағаннан соң, ақын-жазушылардың шығармаларын дербестік күйінде талдау объектіміз міндеті болмақ.

**Зерттеу методикасы, әдістері:** Тарихи салыстырмалы әдіспен қарастырылған бітірушінің бұл еңбегі әдебиеттану ғылымын игеруге, білуге баулиды. Әдеби-ғылыми жәдігерлікті қадірлеуге үйретеді. С.Торайғыров шығармаларының әлеуметтік өмірге қатысын сараптау, қазіргі әдебиеттану ғылымы негізінде кемелдігін көрсету.

**Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары:** XX ғасыр әдебиетін, оның мән-мағынасын әржақты қарастыру әріден басталғаны аян. Дегенмен қазақта өз деңгейінде ел болып, өзіндік идеологиясына жеткен кезінде оны жаңаша талдау қажеттігі көрініп отыр. Дербестік көзімен талдау, бағалау жұмыс жаңалығы болмақ. Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі жоспарға бойсындырылған. Ол үшін қорытынды, кіріспе, пайдаланған әдебиеттерді екі тарауда айтылмақ ойдың міндеті, түйіндеуінен тыс екі тарауға біріктірілді. Пайдаланған әдебиеттер жұмысты ашу ашу үшін қолданғаны айқын. Сондықтан басы артық жұмыс іске тартылынбады.

***Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:*** Бітіру жұмысының практикалық маңыздылығы мен алға қойған ұсынысы төмендегіше.

Біріншіден аталған жұмыс студенттердің ХХ ғасыр әдебиетін оқу мен оқыту кезінде қосалқы материал болады.

Екіншіден бағдарламаға кірген әдебиеттер материалдарын жанашы талдауға, зерттеуге толық мүмкіндіктер береді.

Үшіншіден-қазақ әдебиеті материалдары даму кезінде тарихи сабақтастық деңгейінде көтерілген әдебиет екенін танытады. Қысқасы ХХ ғасыр әдебиетінің әлеуметтік өмірі даму көрінісі- қазақ халқымыздың өсу жолын айқындайды. Сұлтанмахмұт Торайғыров поэмалары туралы айтылған біздің жұмысымыздағы тұжырымды ой-пікірлерді 10-сыныпта өтілетін қазақ әдебиеті сабағында қолдануға болады.

***Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі:*** Біздің жұмысымыз кіріспе бөлімі, қорытынды және пайдаланатын әдебиеттер тізімінен басқа негізгі бөлімнің үлкен екі тарауынан тұрады. Жұмыс қажетті әдебиеттерге сүйене отырып, ізбе-ізділікпен жазылды. Пайдаланған әдебиеттердегі зерттеушілердің айтқан пікірлері мен ғылыми тұжырымдарына сілтеме беріліп барылды.

*Ғылыми басшы:* \_\_\_\_\_ ***МАМБЕТКАРИМОВ F.***

*Қолы*

*Студент:* \_\_\_\_\_ ***РЕТХАНОВ НҰРҚОЗЫ.***

*Қолы*

## **Кіріспе. Ақынның өнегелі өмірі**

Өткен ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан, өзіндік үнімен, көркем стилімен дараланып тұратын аяулы ақынымыздың бірі – Сұлтанмахұт Торайғыров. Ол тек төңкеріске дейінгі әдебиетімізге ғана емес, жаңа дәуір мәдениетінің де өркендеуіне бірқатар еңбек сіңірген, өзіндік орны бар ақын.

Сұлтанмахұт Торайғыров шығармашылығы - қазақтың өткендегі ағартушы - демократтық әдебиетінің жақсы дәстүрін терең идеялы жаңа дәуір әдебиетімен жалғастырып тұратын көпір іспетті.

Сұлтанмахұт Торайғыров — төңкеріс қарсаңындағы яғни ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Басқаша айтқанда Сұлтанмахұт - қазақтың төңкерістен бұрынғы әдебиеті мен төңкерістен кейінгі әдебиеттің арасын жалғастырып, қазақтың бұрынғы ағартушы демократтық әдебиетінің жақсы дәстүрін бүгінгі терең идеялы қазақ әдебиетіне, реализм әдебиетіне ала келген ақын.

Сұлтанмахұт Торайғыров 1893 жылы 29 қазанда қазіргі Ақмола облысының Қызылту ауданында туады. Екі жасында анасы өліп, әжесінің тәрбиесінде болған оның балалық, жастық шағы Баянауыл өңірінде өтеді. Кедейлігінен "Шоқпыт" атанған әкесі Әбубәкір ақ көңіл, жомарт әрі айтқанынан қайтпайтын қайсар да қайратты адам болады.

Сұлтанмахұт алты жасында әкесінен оқып, хат таниды. Бұдан кейін де Шоқпыт бірде өзі оқытып, енді бірде ауыл молдаларына беріп, баласының оқуын үзбейді. Болашақ ақын 1902-1903 жылдары – Әлі, 1904-1905 жылдары – Тортай, 1906-1907 жылдары Мұқан деген молдалардан дәріс алады. Сұлтанмахұт үшін әсіресе Мұқан молданың тәрбиесі ерекше болады. Мұқан молда көп оқыған, әдебиеттен хабары бар, өзі де аздап өлең жазатын адам болады. Оқушыларын үнемі қазақ ауыз әдебиетінің, шығыс әдебиетінің үлгілерімен таныстыра отырып, шәкірттерін өлең жазуға баулады.

Сұлтанмахмұттың он үш жасында жазылған "Секілді өмір қысқа, жарты тұтам" – деп аталатын алғашқы өлеңі, міне, осы Мұқан молданың ықпалымен туған еді.

*Секілді өмір қысқа, жарты тұтам,*

*Надандар деп ойлап жүр өмірді ұтам.*

*Аз өмірді ақындық жолға бердім,*

*Лепес қып түкірген соң молда Мұқан, –*

деп жазады бұл өлеңінде болашақ ақын.

1908-1910 жылдары Сұлтанмахмұт Баянауылдағы медреседе оқиды. 1911 жылы Троицк қаласынан көрші ауылға келіп, молдалық құрған Нұрғалидан дәріс алады. Нұрғалидың көмегімен бұл кезде ол қазақ, татар тілінде шыққан кітаптарды, газет-журналдарды көп оқиды. Өлең, әңгіме жазуға ден қояды. Білімі толысып, өнерге құштарланған Сұлтанмахмұт қаламынан бұл кезеңде "Дін", "Сарыбас", "Соқыр сопы", "Кезек қашан келеді", "Оқу" атты бірқатар өлеңдер мен "Зарландым" деген әңгіме туады. Оларда талапкер ақын ескі оқу мен жаңа оқудың айырмасы, өнер мен білімнің пайдасы, байлық пен кедейлік, т.б. туралы толғанады.

1912 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт оқу іздеп Троицк қаласына барып, осындағы медресеге түседі. Қуанышында шек болмайды. Көңілін шабыт кернеп, "Оқудағы мақсат не?", "Анау-мынау", "Қандай?", "Зарлау" тәрізді бірқатар өлеңдерін жазады.

Әйтсе де бұл медреседе көп оқи алмайды. Қыс өте науқастанып, амалсыздан Троицк маңындағы қазақ ауылдарына барып, бала оқытады. Өзі де көп оқиды, өлеңдер жазады. Осында жүріп "Ауырмай есімнен жаңылғаным" – деген белгілі әңгімесін жазады.

1913 жылдың күзінде Троицкіге оралып, осында шығатын "Айқап" журналына қызметке орналасады. Бұл Сұлтанмахмұттың шығармашылық

жолындағы аса табысты кезең болды. Шабыты толысқан ол әр түрлі жанрда көптеген шығармаларын жазады. Атап айтқанда, "Қамар сұлу" романы, "Өлең және айтушылары", "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан", "Қазақ ішінде оқу, оқыту жайы қалай?" деген тәрізді мақалалары, бірсыпыра өлеңдері осы "Айқап" редакциясында қызмет істеп жүрген уақытында дүниеге келеді. Осында жүріп "Тентектің жинаған шоқпары", "Тамшы" атты жинақтарын әзірлейді. Өкінішке орай, бұл кітаптары жоғалып кетеді.

1914 жылдың жазында ауылда біраз болып, қаржы жинап, үлкен қалалардағы оқуға бармақ ниетпен Сұлтанмахмұт Баянауылға келеді. Ел ішінде бала оқытады, жастар арасында оқуға, мәдениетке шақыратын насихаттық жұмыстар жүргізеді. "Шоң" деп аталатын мәдени-ағарту ұйымын құрады.

Күзде орысша оқу мақсатымен Семейге барады. Бірақ оқуға іліне алмайды, қаржысы таусылады. Көп қиындық көреді. Ақырында Шығыс Қазақстандағы Қатонқарағай деген жерге барып, екі жылдай осы аймақта бала оқытады. Арасында өзі де орысша оқиды. Бірқатар өлеңдерін, "Кім жазықты?" – деп аталатын өлеңмен жазылған романын жазады.

1916 жылдың күзінде Томскіге барып, курсқа ілігеді. Әдебиет, тарих, философия кітаптарын көп оқиды. Қиындықтарға кездеседі, жоқшылық көреді. Ресей патшасы тақтан құлаған 1917 жылдың көктемінде Сұлтанмахмұт Семей қаласына келеді. Қазақтың оқыған азаматтарымен танысады, араласады, қызметке кіреді. Алаш қозғалысына белсене ат салысады.

1918 жылдың жазында кеңес өкіметі құлаған аласапыран тұсында емделу мақсатымен Сұлтанмахмұт Баянауылға келіп, шығармашылық жұмысын жалғастырады. Бір мақаласын және "Неге жасаймын?", "Осы да әділдік пе?", "Адасқан өмір", "Кедей" поэмаларын жазады. Бұл

шығармаларында ақын айналасына көзқарасын білдіреді, өмірге үмітпен қарайды. Өзінің демократтық ой-пікірлерін, түсінігін алға тартады.

1919 жылдың соңында Сұлтанмахмұт Павлодарға келіп, біраз уақыт кеңес өкіметіне қызмет етеді. Бірақ көп ұзамай бойындағы науқасы меңдеп, төсек тартып жатып қалады. 1920 жылдың 21 мамырында ұзақ созылған ауру «Қараңғы қазақ көгіне күн» болуды мақсат тұтқан ұлы ақынның арман отын сөндіріп, ажал құшағына береді. Небәрі 27 жас өмір сүріп, дүниеден озған ақынның соңғы сөзі «Тым болмаса екі жыл тұра алмадым, іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын» болған екен.

Ақындық өнерді « ... бұрын жалғыз оқу еді іздегенім, енді оған өлең жазу болсын серік» деп бастаған бала ақын алғашқы өлеңдерінде-ақ туған халқындағы өлең өнерінің үлгілерін еркін меңгеріп, құр ұйқас құрмай, өлеңдегі айтар ойдың орамын табуға тырысады.

Сұлтанмахмұтқа ақындық өнерді құдай дарытқан. Оның шеберлігі – әр сөздің орнын таба білуінде. Орайын тапса, ойнамайтын сөз жоқ. Мына өлеңіне назар аударалық.

*Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабақ,*

*Сен гүлсің иіс шашқан жарып сабақ.*

*Болғанда көзің – жақұт, етің – торғын,*

*Қасың – ай, шашың – жібек, мамық – тамақ.*

Ақын айналадағы құбылысқа жіті қарап, оны ақындық көңілмен қабылдап, көргенінен қорытынды шығарып, ой түйеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қысқа ғұмырында халқына мол әдеби мұра қалдырып кетті. Ол әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек еткен талантты қаламгер еді. Оның қаламынан жүзден астам өлең, бес-алты поэма, екі роман, он шақты мақала туды.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы – өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

## 1. ТАРАУ. СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ – ПОЭЗИЯ ШЕБЕРІ

### 1.1. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэмаларының мазмұны, тақырыбы мен идеясы

XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси және тарихи-әлеуметтік оқиғаларға, қазақ, жеріндегі өзгерістерге өзінің азаматтық, ақындық үнін қосқан талантты қазақ ақындарының бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ақын өмір сүрген тарихи кезең патшалық Ресей жеріндегі алапат сілкіністер мен төңкерістер заманы еді. Сол себепті де Сұлтанмахмұттың ой-санасы ерте оянды. Жасынан жетімдік пен жоқшылықтың қиындығын көп көрген ол айналасына сергек қарады. Алдына биік-биік мақсаттар қойды. Соған жетуді ойлады. Ілгері ұмтылды. Оқуға, білуге құштар болды. Мақсатын, жүрек қалауын қашанда ашық айтты:

*Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,*

*Разымын, не көрсем де осы жолда.*

*Шаршармын, адасармын, шалдығармын,*

*Бірақ бір табамын деп көңілім сонда, –*

деп өзі айтқандай, ақынның барлық саналы өмірі шындыққа, әділетті заманына жетсем, жақсылықты көрсем, халқыма осы жолда қызмет етсем деген ізгі арманның жетегінде өтті. Сол жолда өзінің қиналатынын, шаршайтынын, адасатынын сезсе де, қайраткер ақын оның бәріне көнуге өзіне-өзі серт береді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында осындай жігермен алға ұмтылған ол туған халқының тарихындағы от жүректі ақын әрі қоғам қайраткері, ұлтын шексіз сүйген азамат дәрежесіне көтерілді.

Сұлтанмахмұт өз заманының өзекті мәселелеріне арнап бірнеше поэма жазды. Атап айтқанда, "Кедей" поэмасы ғасыр басындағы қазақ кедейлерінің хал-жағдайын, сезім-күйін, ауыр тұрмысын бейнелесе, "Адасқан өмір" поэмасында ақын айналасында болып жатқан оқиғаларға, өмір құбылыстарына өз сезімі арқылы шолу жасайды. Қала ақыны мен дала

ақынының айтысы түрінде жазылған "Айтыс" поэмасында қазақ даласындағы өзгерістер, әлеуметтік өмір көріністері суреттелсе, "Таныстыру" поэмасында төңкерістер заманындағы қазақ елін өрге жетелеген қайраткер азаматтар бейнесін сомдауға талпыныс жасалады.

Сұлтанмахмұттың "Қамар сұлу" (1914), "Кім жазықты?" (1915) романдары қазақ әдебиетінің даму тарихынан елеулі орын алады. Көркем прозаның туу, қалыптасу кезеңінің бастауында дүниеге келген бұл романдарда өз заманының ащы шындығы бейнеленеді. Сол дәуірдегі әйелдердің бас бостандығы, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік мәселелері мен жаңа психология арасындағы тартысты, қоғамдағы адамдардың түсінік-танымындары кереғар құбылыстарды бейнелеу арқылы Сұлтанмахмұт туған халқының болашағы туралы толғанады.

Поэма жанрындағы Сұлтанмахмұттың алғашқы туындысы - «Таныстыру». Бұл шығарма 1917-1918 жылдың қысында Абай елінде жазылған. Денсаулығына байланысты ел ішіне кеткенмен, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі жағдай, патшаның тақтан кетуі, Алашорда партиясы мен үкіметінің құрылуы әлі де ізі суымаған, ақынның ой-сезімін қозғаған, азаматтық намысын жаныған оқиғалар еді. Ол Семейде қазақтың ұлттық тәуелсіздігі туын көтерген Алаш партиясына тілектестер ішінде болды. Оның жолын қуаттап «Алаш ұраны» мен мақалалар жазды.

*Алаш туы астында*

*Күн сөнгенше сөнбейміз.*

*Енді ешкімнің Алашты*

*Қорлығына бермейміз.*

*...Өлер жерден кеттік біз,*

*Бұл заманға жеттік біз.*

*Жасайды, Алаш, өлмейміз! –*

деп жар салды. Өлең әрі қарай Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады.

«Таныстыру» осы әсермен жазылған. Поэма Алашорда үкіметінің белгілі қайраткерлерімен таныстыру мақсатын көздейді. Ол оқыған адам мен кара қазақтың диалогына құрылады. Кара қазақ аумалы-төкпелі осы заманда кімге сүйеніп, кімге сенеміз деген сұрақ қояды да, оқыған оған жауап береді. Алдыңғы кезекте ол Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты таныстырып, олардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы жалынды еңбегін зор бағалайды.

Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов

...Бірі - күн, бірі - шолпан, бірі - айым, -

дейді. Оларға ертен жастар ішінен Әлімхан Ермековті, Халел Ғаббасовты, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлын, қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерлері Нәзипа, Нұрғали Құлжановтарды тандап алып, олардың еңбегіне сипаттама береді. Ақын ойлары жалаң баяндалмай, образ ашар бейнелі сөздер мен суретке құрылған «Меніңше, Ермеков деген бала, ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға» немесе Ғаббас туралы айтқан:

*«Ызаны ұмыта алмас өшін алмай,*

*Ондайға іші зәрлі, сырты балдай.*

*Өзі айтпаса, түсінен ұқтырмайды,*

*Екенін жүректегі ойы қандай»*

деген сияқты. Сол кезде Семейде болған іс басындағы адамдардың бәрін таныстыру міндетін алғанмен, ақын оның бәрін жаппай мадақтай бермейді. Көбіне сын көзімен қарайды, оларды еңбегіне қарай бағалайды. Ақынның осындай жолмен таныстыратын кейіпкерлерінің ішінде Мұқыш Поштайұлы, Жақып Ақбайұлы, Райымжан Марсеков, Сатылған Сабатаев сияқты

азаматтар бар. Олардың сыпаттамасы да ақындық оймен, суреткерлікпен берілген.

Атап айтуға тұрарлық бір нәрсе - Сұлтанмахмұттың ақындық талант туралы айтып отырып Абайға берген мінездемесі. Абайды ол қазақ әдебиетінің оған дейінгі үлгісінің бәрінен жоғары қояды, білімсіз талант көп адастырған ақындар тобынан Абайды бөліп алады:

*Абайды дейік биік бұлтқа жетті,  
Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.  
Алты алашқа атағы айқындалып,  
Сүйікті, тағзым мінді, суретті.*

*Толстой онан биік күнге жетті  
Күн астындағы елдерге даңқы кетті.  
Алса егер Толстойдың тәрбиесін  
Абай да көрсетер ед сондай кетті, -*

деп жазады. Өз заманының ойшыл ақындары ішінен Сұлтанмахмұт Шәкәрімге бөлекше қарайды, оның ойшылдығы жалғыз қазақ емес, бүкіл адамзатқа ортақ деген пікір айтады:

*Бұл қазақтың мақсұты - биік, алыс.  
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.  
Қазақ деп жекелеме, адамзат де,  
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс. ...*

*Деменіз тымақ киген жай бір қазақ,  
Киген киім, жүрісі, түріне қарап.  
Надандар оны өлшейтін өлшеуіш жоқ,  
Аулақ жүр, біле алмайсың жай шамалап.*

«Таныстырудың» идеялық мазмұны осы айтылғандардан-ақ байқалады, ақын жеке адамдарды бағалағанда, олардың адамдық, қоғамдық еңбектерін халыққа, еліне сіңірген қызметімен өлшейді, ел басшылығына дәмелі адамдарға салмақ артады, сын айтады. Мұның өз кезінде, заман халық ішінен шыққан қайраткерлерді іріктеп жатқан тұста, айрықша маңызы болды. Сұлтанмахмұт елді ойлы, білімді басшылардың маңына бірігуге үндеді.

Өкінішке қарай, бұл шығармаларды Сұлтанмахмұттың сол тұста жазған тағы басқа бірқатар еңбектеріне (мысалы, «Айтыс») қоса ескілікпен, ұлтшылдықпен байланыстырып, көп уақыт ауызға алмай келдік. Оларға дәуірдің кезеңді оқиғаларынан, уақыт пен кеңістіктен тыс қарадық, халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарына, ой-пікірдегі, қоғамдық жүйедегі революциялық өзгерістерге қарсы қойдық. Көп мәселелерді талдауда тұрпайы социологиялық принципке бой алдырдық. Соның нәтижесінде тұтас ақынды, тұтас көзқарасты бөлшектеп, оның эволюциялық өсу жолына дұрыс баға беруден аулақтап қалғанымыз да жасырын емес. Бүгінге дейін Сұлтанмахмұттанудың үлкен бір қатесі осымен байланысты.

Ал шын мағынасында, Сұлтанмахмұт - ұлы ақындардың бірі. Қайшылығы, қателері болған шығар, бірақ ол оның ұлылығын кішірейтпейді. Заманы ауыр, жүрген жолы қиын болды. Ол заманда кімге жеңіл болды дейсіз? Оның пікірлес, тілектес ағалары - бәрі де кейін келмеске кетті. Көп уақыт ақынның замандастарының өзі - М.Сералин, Ә.Тәңірбергенов, С.Дөнентаев шығармашылығы жөнінде де қайшылықты пікірлер үстем болып келді. Таланты жағынан әр қилы болғанмен, осылардың бәрінің негізгі бағыты бір еді, демократтық идея үшін, елдің азаттығы, тәуелсіздігі үшін, отаршылдыққа қарсы күрес - XX ғасыр басындағы ақындар шығармаларына ортақ тақырып болды. Осы адал пікірі үшін, халқын сүйгені үшін «ұлтшыл» атанды. Осылардың ішінде қоғамдық, әлеуметтік шындықты

батыл, анық айтып, реалистік тұрғыда суреттеуде Сұлтанмахмұттың мойны озық тұрады. Оның шыншыл шығармаларында трагедиялық сарын басым келеді. Ол жан-жақты қыспақтағы, тарих көшінен кеш қалған қараңғы халқының трагедиясын көре білді. Ақын өзі халық өкілі болып жоқшылықтан, надандықтан шығудың, өнерге ұмтылудың қиын жолын кешті, көп ізденді, өзі айтқандай, «шындықтың ауылын іздеп», таба алмай адасты, бірақ оның ізденісінде тыным болған жоқ. Оның:

*Іздедім, іздесем де таба алмадым,  
Табам деп өзімді өзім неге алдадым?  
Адамның адам аты ақталмайды,  
Бейнет қып, бар білгенім - соны аңғардым.*

Немесе

*Бұл күнде адасудан көз ашпадым,  
Не нәрсені көздесем, тап баспадым, -  
Дүниеден басқа рахат тілемеямін,  
Кеш, арым, мен білместің адасқаның, -*

деуі де сондықтан. Ары таза, пікірі ашық адамның заманы мен замандастарына айтқан сыры бұл. Сондықтан ақын өмірінің жеке детальдарын емес, оның негізгі даму, өсу тенденциясын үғу керек.

«Айтыс» (1919) та осы жүйедегі дұрыс түсінілмей, әр қилы пікірге ұшырап жүрген поэманың бірі. Бұл - ақынның соңғы, әрі аяқтай алмаған шығармасы. Мұнда ол дала ақыны мен қала ақының айтыстырып, сол арқылы қала мен даланың әрқайсысының өзіне тән артықшылығын және қайшылықтарын талдайды. Дала ақынының сөзін басымырақ ұстап, Сұлтанмахмұт соның аузымен қазақтың жерін, табиғатын, елін, ел басшылары мен батырларын, ақын-жазушыларын, салт-дәстүрін мақтан тұта жырлайды. Қазақтың тілі мен дүниетанымының биіктігін («байқасаң

қазақтың өзінде бар, дүниенің генийлігі, пайғамбары») суреттейді. Даланы ол қалаға қарсы қойып, онын у-шуын, адамдарының дала адамдарындай кеңпейіл еместігін, жіктелушіліктің молдығын, әділетсіздікті ашып көрсетеді. Сірә, қаладағы өмірін оқу іздеп, үнемі жолы сәтті болмай, көп қиыншылықпен өткізген Сұлтанмахмұттың қала туралы әсері жақсы болмаған болуы керек, ол көбіне даланы баса айтып, тіпті оның көрер көзге оғаш кертартпа әдет-салттарын, емші бақсы-балгерлеріне, «қайырымды байларына» шейін асыра мақтап жіберетіні көзге шалынбай қалмайды. Сонымен бірге қала ақынының аузымен ауылдағы алауыздық, барымтаның, партияның күштілігі, ғылым-өнер жоқтығы сыналады. Жер мен бай күштінікі екені ашылады. Қала өнерін, білімін, келешегін мақтан тұтады. «Айтысты» мансұқтаушылар кезінде оның «феодалдық ескілікті мақтауын» тілге тиек етті. Алайда бүгін көне дәстүрлерімізді жаңғыртып, еліміз бен жеріміздің байлығына өзіміз ие бола бастаған тұста, елдік пен оны қорғау дәстүрлерін қайта қарап жатқан кезімізде, «Айтысты» қайта оқу, оны бүгінгі керегімізге жарату әбден орынды болмақ.

*Сүйемін туган тілді - анам тілін,*

*Бесікте жатқанымда берген білім.*

*Шыр етіп жерге түскен минутымнан*

*Құлағымға сіңірген таныс үнім.*

*Сол тілмен шешем мені әлдилеген,*

*Еркелеткен, «құлыным», «жаным» деген.*

*Сол тілменен бірінші білгізілген,*

*«Ана» деген сүйгендік сөз әніменен –*

деген жолдар бүгін қалай актуальды естіледі! «Айтыс» - қазақтың ұлттық психологиясынан туған, соны жырлайтын шығарма. Нағыз поэзия қашанда

әуелі халқына, ұлтына, сол арқылы адамзатқа қызмет етпек. Өйткені ол адамды сүйеге, болашаққа сенуге үйретеді, «Айтыстан» алатын тағлым да осындай. Мұнда да адал, шыншыл, ізденімпаз, драмалық шиеленіске толы, қуаныш-қайғысы аралас ақын тағдыры суреттелген.

«Адасқан өмір» (1918) поэмасының да негізгі сарыны - қоғамдағы әділетсіздіктің, теңсіздіктің себептерін ашу және теңдік жолын іздеуге талпыну. Сұлтанмахмұт бұл поэмасында жалпы қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің шеңберінен шығып, бүкіл капиталистік қоғамға тән әділетсіздіктер жайын қозғайды. Сол қоғамның іріп-шіріп, азғындап бара жатқан белгілерін танып, адам баласының қанаудан құтылып, өз еңбегімен күн көретін, өз талантын халық игілігі жолына жұмсайтын кезін - бакытты өмірді аңсайды.

Поэма 1918 жылдың аяқ кезінде жазылған. Бұл кезде ақынның туған жерінде Колчак үстемдік құрып, Ресейдегі капиталист монархтық қоғамдық құрылысты сақтап қалу үшін күрес жүргізіп жатқан болатын. Сұлтанмахмұт ескі қоғамның негізі шіріп біткені, оның қайта жасауға мұршасы жоғын батыл көрсетеді.

Поэма бес бөлімнен тұрады. Бұлардың біріншісі - адамның сәби шағын, екіншісі - жігіт шағын, үшіншісі - ұлғайған, тоқтаған кезін, төртіншісі - кәрілік кезін, бесіншісі - өлген мезгілін суреттейді. Адам өмірінің барлық кезеңін суреттеу арқылы ақын өмір сүрген қоғам жағдайындағы адам тағдыры жайлы философиялық ой түйеді. Поэма лирикалық кейіпкердің атынан баяндалады. Лирикалық кейіпкер өзінің туған күнінен бастап, өлгенге шейінгі өмірін әңгімелейді. Өмірде не көрді, әділеттілік пен әділетсіздік қайсы? Оны тудырып отырған жағдай қандай? Ақын осы сұрақтарға жауап іздей отырып, капиталистік қоғам кезіндегі адамның өмір сүру жағдайларын жан-жақты ашып береді.

Адам өмірі уайымсыз, қайғысыз, кіршіксіз таза сәбиліктен басталады. Ол кезде бала алдау, арбау, қайғы, дос, қас, бай, кедей, орыс, қазақ дегендердің ешқайсысын білмейді. Оның ұғымын кеңейтетін, тәрбие беретін - орта, қоғам шындығы.

*Мен сыйлар деп, дүние, келдім, міне,  
«Бір жас» деп есігіннен ендім, міне,  
Мен азатпын, мен ақпын, мен өсемін,  
Не қылсаң да басымды бердім, міне.*

*Кім біледі, қоярсың еркімді алып,  
Кім біледі, қоярсың көркімді алып.  
Кім біледі, бұл ерік, бұл көріктін,  
Жоғалғанын білмеспін қайда қалып.*

Поэманың лирикалық кейіпкері өмірге осындай ұғым-түсінікпен, күдікпен келіп кіреді. Жігіт болып ес жиған кезде де ол өз ортасынан ыңғайлы кәсіп, өз өмірі мен халық мүддесін қабыстыратын пайдалы жол таба алмайды. Ол бай болуды да, әкім, әскер басы, ғалым болуды да таңдап, байқап көреді. Бірақ осының ешқайсысынан өз басына қажет азаттық пен әділеттік таппайды. Сөйтіп олардың бәрінен безіп шығады.

Ақын кейіпкердің аталған жолдарды таңдаудан бас тарту себебін қоғамдық әділетсіздік фактілерімен дәлелдейді. Бұның бәрі адал еңбек жолы емес, алдамшылық жолы деп түсінеді.

*Жоқ, байымас бір күнде адал еңбек,  
Біреу байыса, біреулер кедейленбек.  
Кімде-кім тез байыса қолына ағып,  
Кім кедей болса, соның малы келмек.*

*Несі бақыт алдап ап, арбап алып,  
Өз малын өздеріне қайтып бермек.  
Көз жасы, бишараның маңдай тері,  
Жиылып, байытпай-ақ қойсын мені.  
Мал біте ме, адамды малдай қылмай,  
Малдан басқа көрмейтін дәнеңені, -*

деген ой оны байлықтан безіндіреді.

Хәкім болсам, елді аузыма қаратсам, «Мақсаты бір-біріне қайшы топты бауыр ғып, тату өмір сүргізсем», - деп ойлайды ол. Бірақ мұның да ретін таба алмайды.

*Өмірдің бұл түрінде ешбір әкім  
Мүмкін емес әділдік қылуға елге.  
Себебі: тастап әкім бола алмайды,  
Байлар мен молдалардың сөзін жерге*

*Күшті таптың ыңғайын қылмасқа жоқ,  
Мүбәда әкім болсам егер мен де.  
Бір сағат та қыла ма, мені әкім,  
Болыса бастасам мен күші кемге, -*

деп ойлап, әкімдік бақыт емес, ол байларға малай болу, бұл - қорлық деп, бұдан да бас тартады.

Бұдан кейін әскер басы, қолбасшы болуды ойлайды. Бірақ капиталистік қоғамда бұ да бақыт емес:

*Найзаның күшіменен жанған бақыт,  
Бір кезде найза ұшында өшпеске жоқ.*

Соғыс - ақын ұғымында, жазықсыз қан төгу. Поэманың бұл бөлімінде ол капиталистердің байлығын молайтуға империалист соғыстың қалай көмектесіп жатқанын жазады.

*Керек-жарақ бәрі де қымбаттанар,  
Соғыстың шығындарын елге салмақ.  
Мұқтаждық халдерінен пайда алуға,  
Бір жақтан саудагерлер салар қармақ.*

*Соғыс болса жауғандай көктен алтын,  
Капиталист, байларға әдейі арнап.  
Бас көтерер еркегі соғыста боп,  
Шаруа істелмей, кедейлер мұқтажданбақ.*

*Көктен жауып тұрғандай оңай жолмен,  
Байларға сол мұқтаждың малы бармақ.*

Лирикалық кейіпкердің соңғы арманы - ғалым болу. Ол адам ауру көрмей, қартаймайтын болса, мал қыратын ауруларды да емдесем деп қиялдайды. Бірақ ол адам қанайтын қоғамда ғылымның табысы халық игілігіне аспайтынын ескере отырып, бұдан да безіп шығады,

*Бірақ бүгін ғылымның тапқандары,  
Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі.  
...Бұл қалыпта ғылымды пайдалы деп,  
Алғыс айтып тұрған жоқ жанның бәрі.*

Жігіт боп қоғамға кіріп, кәсіп таңдағанда осының біріне тоқтамаған лирикалық кейіпкердің ой-түйіні, ең алдымен, әділ қоғам іздеуге саяды.

*Мұны ол «негізгі іс» деп атайды.  
Еңдеше мен жабысам негізгі іске,*

*Әділдікте - бар негіз, бақ та, күш те.  
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,  
Өңім тұрсын, кірмесін түнде түске, - дейді.*

Поэманың кейіпкері іздейтін ендігі жол қандай болмақ? Оны табу жолында кейіпкер не істеу керек? Бұл мәселе Сұлтанмахмұтты қатты ойландырады. Ол өзінің ендігі өмірін осыған арнауға серт береді.

*Бар адам жерден тамақ алмақ үшін,  
Жиылып бірге күшін салмақ үшін,  
Бірі еңбек қып, бірі оны жатып жемей,  
Теп-тегіс бұл жұмысқа бармақ үшін...*

*Әділдік, ұлт деген сөз, дін деген сөз,  
Залымдық жем болмауға қармағы үшін.  
Істелер мұнан былай менің ісім,  
Жұмсалсын сол ниетте барлық күшім.*

*Мен гашықпын көруге әділдікті,  
Тегіс қылып көркейткен өмір түсін.*

Сұлтанмахмұт өзі аңсаған әділет жолы - адамзатқа теңдік әкелетін, шын бақытты өмір алда деп үміттенеді. Оның өз ұғымындағы сипатын береді.

*Ол өмірде бірді-бір алдау болмас,  
Жағынып арды ақшаға жалдау болмас.  
Ешкімнен достық таппай, қастық көріп,  
Бар адамды сайтан деп қарғау болмас.*

*Қара күшпен жеңіліп, қайғы басып,  
Өлгісі кеп, өмірден зарлау болмас.*

*Адамдағы сан қуат, тапқыш талант,  
Гүл шашпай, жеміс бермей қалмау болмас.*

*Әкіммін, құдайшылмын, әскермін деп,  
Еңбексіз еңбекиілді жалмау болмас.  
Не кәрілік, не бір апат келген күні,  
Көшеде қайыршы боп сарнау болмас.*

*Бір тілім нан алуға байды мақтап,  
Жалынып тұс-тұсынан аңдау болмас.*

*...Таудай үміт һәм талап орындалар,  
Еш еңбек бұл күнгідей жанбау болмас.  
Жұмысқа кем көзбенен қарау болмас,  
Жұмыссыздық қорлық деп санау болмас.*

*Жұмысшылық құлға қас, бір мырза деп,  
Еңбекшінің еккенін талау болмас.  
Мен аз деймін көруге осы өмірді,  
Келіндер бақ іздеуші, болсаң жолдас.*

Сұлтанмахмұт аңсаған әділ қоғамның белгілері бейбіт өмірге жақын келетінін аңғару қиын емес. Бұл - оның шығармашылық жолындағы ірі табысы.

Поэманың соңғы бөлімдерінде («Мен тоқтадым», «Мен кәрі», «Мен өлік») Сұлтанмахмұт адам өмірінің осы кезеңдеріндегі ерекшеліктеріне, оның қоғаммен байланысына, өмір ағымындағы орнына көңіл бөледі. Оның кейіпкері жасы ұлғайған, тоқтаған шағында да әділдік жайындағы ойын

қайталайды. Бұл өмірде әділдік таппаған ол о дүние бар болса, онда да осы күресін тоқтатпайтынын айтады. «Бай жағы жүз мың болса, кедей - жалғыз, қорықпай жалғыз жақта қалар едім», - дейді. Кейіпкер әрекетінде өзінің күреспен өткен өмірін шолу, ойлану басым.

Поэманың бұл бөлімдерінде Сұлтанмахмұт адамның қоғамнан «қартаймайтын, өлмейтін орын табуын» сөз етеді. Бұл - өз заманында қоғамға, келешекке пайдалы іс істеп, өлмес атағынды қалдыр деген сөз. Лирикалық кейіпкер өз дәуірінде мұндай бақытқа жете алмайды. Ақын осы негізде қоғам мен адам арасындағы қайшылықты ашады. «Мен кәрі» бөлімінде ол «жұрт үшін еткен қызмет, еңбегім жоқ», «тым болмаса, қалмады-ау ешбір ісім, мені айтып жұрт сағынып шөлдегендей» дегенді айтады.

Бұл бөлімдерде адам өмірінің кәрілікпен байланысты өзгерісін ақын шеберлікпен суреттейді.

Жалпы алғанда, «Адасқан өмір» - ескі құрылыс жағдайында іздеген бақытын таппаған адамның трагедиялық күйін шебер суреттеген, одан құтылудың жолын аңсап, болашақ әділетті қоғамның сипаттарын бейнелеген терең мағыналы туынды. Ақын осы негізде адам өмірінің адасушылық себептерін, оның өмір сүріп отырған қоғамымен бітіспес қайшылыққа келуін ашады. Адам өмірінің мән-мағынасы жайлы философиялық ойлар түйеді.

## 1.2. «Кедей» поэмасының көтерген мәселесі.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кедей» поэмасы (1919) да «Адасқан өмір» поэмасы үлгідегі қазақ кедейінің сыры мен мұңын паш етуге құрылған. Мұнда да лирикалық кейіпкер өз басынан кешкен өмір өткелдерін әңгімелеп, өз бақытын таба алмай қиналады. Ауыл кедейінің тағдырына әсер етіп жатқан әділетсіздіктің көріністерін ақын жан-жақты ашып суреттейді. Ол бай малын бағып, жалшылықта, қорлықта өткен өмірін, қалаға барып өндірістің ауыр жұмысына жегіліп, тапқаны тамағына жетпей қиналғанын еске алады. Мұның бәрін ақын нақты сурет арқылы ашады. Осынан үмітсіздікке түскен кедей тағдыры, өмір қайшылықтары жайлы ойланады. Өзін бай баласымен салыстырып, екі жағдайда екі түрлі өмір кешкен адамдар тірлігіндегі әділетсіздікті көреді.

*Анау Жақып сән түзеп сауық құрған,*

*Құрдасым емес пе еді бір күн туған.*

*Мен туғанда табылмай қара сабын,*

*Ол туғанда иіс сабын тәнін жуған.*

Мұндай әлеуметтік сұрақтарды түсінуге Сұлтанмахмұт кедейі дайын емес. Ол әділетке жету жолын білмейді. Соған қарамастан ескілікпен, әділетсіздікпен шығысып, өз ортасынан бөлініп шығады. «Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып, шақырып тұр, мінеки кеттім сонда» дейді. Оқуды мақсұт тұтады. Поэма әділет жолын көп іздеген Сұлтанмахмұттың да өз заманымен сиыса алмай, алдан жаңа өмір күткенінің белгісі сияқты.

С.Торайғыров «Кедей» поэмасында өзінің кедей өмірі жөніндегі түсінігі жетер биігіне көтерілді. Мұнда ауылдағы малшы кедейдің де, қаладағы жұмысшының да қайырымдылық өмір бар көлеңкелі көрністері мен көрінеді. Мысалы:

*Ұзақ түн жолдасы жоқ иттен басқа.*

*Бүтін киім менде жоқ жаурамсқа.*

*Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,*

*Туғаннан міне шықтым талай жасқа.*

*Туысымнан көргенім бәрі бейнет,*

*Тумай жатып қылып-ем қандай жазық.*

Кедей өмірінің осындай сұрқай, реңсіз кейпін ақын осылайша суреттейді. Келтірілген үзіндідегі, сондай-ақ шығарманың жалпы мәтініндегі кедей өмірін бейнелеуге байланысты ірілі-ұсақты көп көріністердің қай-қайсысы да қазақ кедейінің типтік жағдайын дәл бейнелейді. Осындай ауыр да азапты тағдырға душар еткен кедей тағдырына автордың өзіндік қатынасын, көз-қарасын айқындау-принциптерінің бірі. Ақын бұл кейіпкеріне айрықша жан ашырлықпен, мейрімділікпен қарайды, реті келсе оған көмек беруден де тайынбайды. Оның «Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз, қорықпай жалғыз жақта қалар едім»-дейтін сөзі де бар. Бұл-бір. Екіншіден, -ақын өмірдің бүкіл жоқшылығы мен азабын басынан кешірген. Сырттай қарағанда түрінен жан шошырлық арып-ашқан кейіпкерінің бойынан зор адамгершілік қасиетті таба білді. Және соны дауыспен жырлады.

*Ойлаңыз менде жүрек мен де жан бар.*

*Жүрегімде өмір бар, ыстық қан бар.*

*Үміт бар, махаббат бар, жек көру бар.*

*Бәрі де байдікі зой байқасаңдар.*

*Туысымда оннан жоқ еш кемдігім,*

*Жалғыз-ақ менде мал жоқ, онда мал бар.*

дейді поэманың кедей кейіпкері. Оның өзін-өзі осылайша таккаппар таныстыруында терең сыр бар. Ақын бұл арқылы: өмір улы зардабын қанша

төккенімен оның бойындағы адамгершілік белгілерді кедейдің бойынан табады. Мұны С.Торайғыровтың ой-дүниесіндегі зор белес тәрізді түсінік ретінде тануға тиіспіз. С.Торайғыров сол кейіпкердің ізгілікті ірі қасиеттердің қайда, қалай жұмсаудың, жұмсартудың жөнін біле алмаса да оның рухани күші мен құдіретіне, арының тазалығына елжіреп, үлкен үміт арта түсті.

С.Торайғыров өмірдің осы түрінде мұндай бейшара, пақыр жандарға, кім яки не нәрсе көмегін тигізуі мүмкін деген мәселені де көңіл дүниесінен сырт қалдырған жоқ. Байдан, байлықтан, батырлықтан ешқандай адалдық, адамдықта таба алмаған ақын кедейге бір нәрсе көмегін тигізсе, ол ғылым, білім болар деп оның да бұл өмірдегі орын мен атқарып отырған қызметін білуге назар аударады, ақырында ол мынадай тоқтамға келеді:

*Бірақ бүгін ғылымның тапқандары,*

*Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі.*

*Азусыз қасқырларға азу болып,*

*Қой халін ауырлатпақ, оннан әрі-* деп жазады ақын.

Сөйтіп ол бұл салада қателескен жоқ. Таптар теңсіздігі қоғамында білім де, өзге құбылыстар тәрізді, билеуші таптың езілуші көпшілікті қанай түсуінің құралы болып келгенін аңғарды. Сонымен С.Торайғыров қазақ әдебиетіне еңбекші бұхараның өмірін суреттеуге байланысты әкелді және өзі сол салада қандай дәрежеге көтерілгенін жақсы білеміз. Бұл жөнінде академик С.Мұқановтың мына сөзімен жауап беруге болады. «Сұлтанмахмұт кедейдің әсіресе жұмысша табының неліктен қаналуының жайын, барлық себеп-салдарын қазақ әдебиетінде бірінші рет толық және дәл ашып берді. Тұтас алғанда С.Торайғыров кедей өміріне арналған шығармаларында әділдік пен адамгершілік үшін іздену, толғану жолындағы қазақ кедейінің бейнесін жазады».

Қазақ қоғамын іштей жегідей жеп оның бүкіл даму процессін әрдайым кейін тартып, тежеп келген аса зиянды да керітарпа қоғамдық құбылыстардың яки күштердің бірі мұсылман дін мен оның уағыздаушылары, таратушылары тарапынан жасалған әртүрлі әрекеттер болды. Оны басқаша түсінушілік сол заманның талабы болуына қарамастан, сол дәуірдегі қоғамда болған әс-әрекеттерді жасыра алмаймыз. Мұсылман діні мен дін иелерінің әлеуметтік, таптық сыр-сипатын қазақ халқының таңдаулы өкілдері әділ де байсалды бағалап отырды.

Талантты ақынның «Адасқан өмір» атты поэмасында байлық туралы айтқан батыл да, салмақты ой-пікірлерінің табиғи жалғасын, «Кедей» поэмасынан кездестіреміз. «Адасқан өмірде» байлық және басқа күрделі мәселелер жөніндегі пікір тоқтамдарын көбінесе жалпылай баяндаған ақын «Кедей» поэмасында бұл тәсілін біраз өзгертіп, басқаша түрде жалғастырды. Мұнда езуші тап, езілуші тап өкілдері қарма-қарсы түрде алынып, екі түрлі өмір бейнесімен таныстырылады. Біздің бұл бойда сөз етпегіміз Жақыптың өмір туралы. Оны ақын былайша баяндайды;

*Тамаққа ыдыс, басқаға масыл болып,*

*Оқыды артылдыма бос жүргеннен,-*

дейді ақын Жақып байдың өмірі жайында. Бұл арада масыл болып деген сөздің жатыпішер, арам тамақ, кісі еңбегін қанағыш деген мағынаны білдіретіні ешқандай күдік туғызбасқа тиіс. Сол Жақып сияқты байлардың тамаққа ыдыс болғаннан басқа қабілеті жоқ болса да, өмір бойы қорлық көрмейтіні туралы ақын.

*Адам азба, түк еңбек қылмай отырып,*

*Өмір бойы көрмеген қарны ашып.*

*Еңбекші тамақ таппай отырғанда,*

*Жүретін сән-сауыққа ақша шашып.-*деп жазады.

Мұнда ақын еңбекші бұқараны қанау арқылы өздеріне жайлы тұрмыс жасайтындығынбатыл түрде тартынбастан әшкерелейді. Әйтпесе бұған Жақып өз еңбегі мен жететіндей не істеп жатыр деген сұрауды ортаға қояды. Сұлтанмахмұттың өз сөзімен айтсақ, «Байлық ұрлықтың жемісі». Автор поэманың бір бөлігін осылайша атаған. Байлықтың осы үлкен әлеуметтік түйінінавтор поэзия тілінде былайша ділелдей түседі:

*Болыс, бай, билер,*

*Кедейдің қанын сорып, жүндей илер.*

*Адалдық маңдай термен тапқан бақытын.*

*Адам жоқ, үлгі қылып, кедей сүйінер.*

*Алдауы, өткірлігі кімнің артық,*

*Болса сол бақ, дәулетті алар тартып.*

*Бейнетқор адалдықпен кәсіп қылған.*

*Өмір бойы өтеді азап тартып.*

Қазақ қоғамындағы байлық пен биліктің сыр-сипатын таптық теңсіздіктен, қанаушылықтан таба білген ақын өмірдегі махаббат, семья, әділдік, адамгершілік тәрізді барлық нәрсенің шешуі сол байлықтың қолында екенін өзі жасаған кесек көркем образдардың аузымен баяндайды және тоғышарларға нәлет айтып отырады. Бұл ретте Ахметтің мына сөзі өзі өмір сүрген қоғамдың ортаға айтілған үлкен айыптау тәрізді естіледі.

*Малдылық, маскүнемдік, қарны тоқтық.*

*Деуші едім неге керек сытыра боқтық.*

*Қазақтың қаны, жаны сонда екен зой.*

*Діңкемді құртты міне, әттең жоқтық.*

Ахмет осы теңсіздікте негізделген өмір салтын өзгерту талабына келе алмаса да, оның негізгі қасиетін бір сыдырғы тәні біледі. Сөз жоқ, бұл да Ахмет сияқты әдеби кейіпкердің өсу жолындағы үлкен шешуші қадам еді.

Қазақ арасындағы байлық пен бай адамдардың әдебиетіміздегі шындық көріністерін сөз еткенде, С.Торайғыровтың әрі бай, әрі болыс, Нұрымға берген портретін ескермей кетуге болмайды. Бұл портрет қазақ байының қасиеттерін толық қамтыған әдебиетіміздегі тұңғыш дерлік көркем мінездеме. Абай поэзиясында мұның азды-көпті көрністері бар еді деп танығанның өзінде, бұған дейінгі қазақ прозасында онымен таласар, қатар түсер батыл шыншыл мінездеме кездеспейді. Соған қарағанда дала өмірінің біраз қайшылықтарын өз көзімен көріп орынды айта білген.

Торайғыров мұндай көркем портрет пайда болу фактілерінің өзін қарастыруы көңіл аударарлық жағдай. Ол қазақ әдебиетінің осы тұстағы айқын демократияшыл тенденциясын танытатын көп деректердің бір, сонымен алдындағы қазақ әдебиетінде дала өміріндегі байлық жайы оның шығу төркінімен қоғамдық қарым-қатынаста алып келген салмағы әдеуір орын алды, көбінесе дұрыс суреттеліп, лайықты бағасын алып отырды. Мұның нақты мысалдырын жоғарыда көрсетіп өттік, алайда осы мәселенің әдебиетімізде көріну тәсілі жайлы айтарлықтай бір жай бар.

Қазақ әдебиетінде сюжетті, күрделі шығармалардың тым кеш тууына байланысты қазақ байларының, жалпы қазақ даласындағы байлықтың қасиеттері кесек әдеби тұлғалардың әрекеттері, үлкен оқиғалардың, тартыстың логикалық түйіндері арқылы көрсетіліп, дәлелденіп келді. Бұл әдебиетіміздің негізгі басы ерекшеліктерінің бірі еді. Мұндай жағдайда тек байлық туралы тақырыптардың қана төңірегінде емес, өзге мәселердің де суреттелу жайынан байқаймыз.

Қазақ даласындағы байлық жайын, олардың өмірін көркем әдебиетте бейнелеу тақырыбы қазақтың ұлтшыл ақындарының демократияшыл бағыттағы ақын-жазушылардан іргесін айқын ашқанын көрсетеді. Өз позицияларын нақты және қалтықсыз танытқан мәселелердің бірі болды.

С.Торайғыров тәрізді ақындар дала өмірінде жеке адамдардың қолына шоғырланған байлықтан, нақақ көздің жасын көріп, түңіліп, оның бүкіл қанаушылығын, оның сырын ашса, ұлтшыл бағыттағы ақындар, аузынан уызы төгілген ескі күндерді аңсап өлең жырлар шығара бастады. Бұрынғы бай мен билердің сән-салтанатын дәріптеді, олардың қалғандарына шаң тигізбей мақтады, бүкіл қазақ даласының ырысы да, қызығы да мол, салтанаты да осылардың қолында деп түсіндіруге әрекет етті.

Сұлтанмахмұттан қалған мұра біздің ұлттық әдебиетіміздің жаңа кезеңінің - XX ғасырдың басындағы дәуірдің шындығын, қоғамдық ой-пікірдің дамуын түсінуіміз үшін аса маңызды. Ұлы ақындар пікірі қашан да ойды қозғайды, жанға азық береді, пікірге талғам дарытады. Бірақ оны түсіну де оңай бола бермейді. Сол сияқты біз де Сұлтанмахмұт өмір сүрген, ол жырлаған заман шындығын бірден түсіне алмай, көп адастық. Ақынның ортасын, оның неге сол ортамен өкпелескенін, алысқанын жете ұқпадық. Ендігі мәселе - осыларды саралап қарауда, түсінуде. Оған Сұлтанмахмұттың өз шығармалары, әсіресе, олардың осы күнге шейін жарияланбаған бөлігі көмекке келмек.

Сұлтанмахмұттан қалған мұра әр салалы. Онда лапылдаған от сезімді лирика да, автордың сыншылдық тенденциясын айқын танытатын қуатты эпикалық туындылар да, өз заманының сыншылдық ой-пікіріне үн қосқан мақалалар мен очерктер де мол. Мұның бәрі қазақ әдебиеті ұлт тағдырын тілге тиек ете бастаған заманда әдебиет жанрларының туып жетіле бастағанының куәсі. Сұлтанмахмұт - әдебиетіміздің бұл саладағы

ізденістеріне, сондай-ақ реализмге жетілуіне үлкен үлес қосқан ақын. Оның реализмі бұлтасыз, жалтасыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген. Оның тенденциясы да сыншыл.

Сұлтанмахмұт - өз бетімен ғажап көп оқыған және ғылымның әралуан саласынан хабардар қаламгер. Сонау ескі Египеттің фараондарынан бастап Николай, Вильгельмдермен, Шыңғыс, Бонапарт жорықтарымен, ғылымда үлкен жаңалықтар ашқан Эдиссон, Луи Пастер еңбектерімен оның таныс болғандығы шығармаларынан айқын көрінеді. Жалғыз өз халқы немесе кітаптарын көп қарастырған орыс, Еуропа елдері ғана емес, жалпы Шығыс, әсіресе Қиыр Шығыстағы Жапон елінің даму тарихы жайлы жазғандары да қатты таңдандырады.

«...Тегіс жұмыла іске кіріссек, 20-30 жылда Еуропаның білгенін біліп, Еуропа қатарына қосылып кете алуымызға тарихтан жапондар мысал бола алса керек. Мұнан 58 жыл бұрын 1860 жылдағы жапондар жайының осы күнгі біздің қазақтың жайынан неменесі артық еді? Жапондар осындай халінен 35-40 жылда ержетіп, Еуропа халіне келді... Әрине, жапондар осы халіне Еуропаның пісулі астай даяр өнерін алумен жылдам жетті. Біздің де солай жетуіміз үшін тегіс жұмыла үйренуіміз керек. Солай болған соң мектеп, медресе, газет, журнал, кітаптарымыз көбейіп, Еуропадағы адам баласының ауыр күнкөрісінен құтылып, бақытты болуына себеп болатын ғылымдарды үйрете беру керек», - деп жазды ол өзінің «Социализм» атты мақаласында.

Замандастарының айтуынша, ол өмірінің соңғы шағында Маркс пен оның жолын қуушылар еңбектерін ден қоя оқыған. Демек, сол кезде Ресейге кең тараған қоғамдық, әлеуметтік әдебиеттермен Сұлтанмахмұттың таныс болғаны даусыз. «Адасқан өмір» поэмасындағы әлденеше шумақтар, кейбір жолдар да бұған дәлел бола алады. Поэмада келтірілетін капиталисте,

социалистік қоғамдардың принциптерін Сұлтанмахмұт өз басынан ойлап шығарған жоқ, сол қоғамдар туралы жазылған әдебиеттерді оқуының нәтижесінде тапты.

*...Жоғалсын бұл «сенікі», «менікілік»,*

*Осы ғой адамзатты қырған іңдет, -*

дегенде ол әлеуметтік принципті уағыздайды. Бірақ Сұлтанмахмұт әлеуметтік көпшілдігі кітаптан оқыған күйінде қалды.

## 2. ТАРАУ. СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ – ПОЭМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**2.1. Поэма жанрының өзіндік ерекшеліктері мен оны оқытудың әдіс-тәсілдері.** Поэма – әдебиетіміздегі күрделі жанрлардың бірі ретінде бірден қалыптаса салмады. Бастауын қисса-дастандардан мен лиро-эпостық жырлардан алатын қазақ поэмаларының да ұзаққа созылған өсу жолдары, даму кезеңдері бар. Қазақ әдебиеті тарихы мен оның жалпы даму үрдісіндегі поэманың атқарып келген қызметінің айрықша болғандығын әдебиет сүйер қауым қашаннан қанық. Эпикалық шығармалардан гөрі айтар ойын ықшамдап ұсынатын қысқа жанрлы дүниелер өтімді болып тұрған бүгінгі жаһандану заманында да поэма өз миссиясынан жаңылмай келеді, құндылығын да азайтқан емес.

Қанша заман өтсе де, сөз өнерін серік еткен қай қаламгер болмасын өзінің туған халқының ғасырлар бойы жинақталған, қордаланған бай көркемдік дәстүріне сүйенуді басты мұрат тұтары анық. Ежелгі дәстүрге сүйенген, соны жалғастырып байыта, тереңдете түскен қаламгерлер қазақ поэмасының алғашқы ең жақсы үлгілерін қалыптастырып берді.

Осындай поэма жанрының қазақ әдебиетінде қалыптасуына ат салысқан қарымды қаламгерлердің қатарынан Сұлтанмахмұт Торайғыров та орын алады.

Ақынның поэмаларын методикалық жақтан қарастырмастан алдын поэма жанрының өзіндік ерекшеліктері мен жанрлық сипатына тоқталып өтелік:

Орта көлемді эпостық ұзақ әңгімелерден басқа тағы бір түрі – поэма. Ол гректің *poïeta-* туынды деген мағынаны беретін өлеңді повесть, *өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттеу*. Поэмалар түрлі-түрлі сюжетті поэмалар да, сюжетсіз поэмалар да болады. Поэмаларда жасалатын адам

образдары да әр алуан; эпикалық образ да, лирикалық образ да, романтикалық образ да, реалистік образ да болады.

“Поэма өзінің туу, даму тарихының әр кезеңінде әр сипатта болды. Көне дүние әдебиетінде классикалық халық эпосы ( “Илиада”, “Одиссея”) түрінде туған болса, ауыз әдебиетінде батырлар жыры (“Қобыланды батын”, “Ер Тарғын”), лиро-эпос (“Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қыз Жібек”) немесе тарихи жырлар (“Бекет”, “Бекболат”) түрінде дамып, жазба әдебиетіндегі романтикалық дастандар (“Медғат-Қасым”, “Адасқан өмір”) мен реалистік поэмаларға (“Сұлушаш”, “Құлагер”) ұласты”(12-307-308),-деп жазады белгілі сыншы Зейнолла Қабдолов. Шындағында поэма – қазіргі қазақ поэзиясындағы шын мәнінде мол өркендеген, жан-жақты жетіліскен, кең құлаш жайған шешуші де көрнекті жанрлық түрдің бірі.

Поэма жанрын – оқыту мұғалімдерден ерекше талапшандықты қажет ететін күрделі жанр. Поэмаларды оқыту барысында негізінен өлеңдерді оқыту теориясына негізделу керек.

Мектеп оқулықтарында берілген өлеңдердің басым көпшілігі - лирикалық өлеңдер. Лирикалық өлең автордың сан алуан көңіл - күйін, Отанға, елге, табиғатқа деген асқақ сезімін, қуанышын, сағынышын, сүйіспеншілігін білдіреді. Өлеңді талдау кезінде оқушыға тек оның мазмұн - мағынасын жеткізумен шектелсек көркем дүниенің көркемдігін, әсерлілігін жеткізе алмаған болар едік. Сондықтан мұғалім өлең мен көркем қара сөздің ара жігін ашып, өлең сөздің ерекшелігін, құрылысын методикалық шеберлікпен, көрнекілік жолымен салыстыру арқылы түсіндіріледі.

Өлең сөздің өзге әдебиет жанрларынан ерекшелігі оның әуезділігі мен үнділігінде, ырғағында, ұйқасып келетінінде.

Өлең шумақтары қазақ өлеңдерінде екі тармақтан бастап, он, он бес тармаққа дейін жетеді. Әсіресе ауыз әдебиетіндегі шұбыртпалы ұйқаспен жырланатын батырлар жырларында, термелерде жиі ұшырасады. Қазақ өлеңдерінің құрылысы туралы ғылыми талдау жасап,

зерттеумен айналысқан ғалымдарымыз Қ. Жұмалиевтің, З. Қабдоловтың, З. Ахметовтың еңбектеріне талдау жасай отырып үйренуіміз керек.

Зейнолла Қабдолов: Өлең туралы ілімдегі шумақ жайлы ұғымдардың бәрі шартты: өлеңді терең тану үшін оның шумағын санаудың керегі жоқ, ырғағына қарау керек - дей келіп Қазақ өлеңі - силлабикалық, яки буынға негізделген өлең. Олай болса, буын мәселесі қазақ өлеңінің құрылысын байыптаудағы басты мәселе, - деген. («Сөз өнері» кітабынан).

Өлеңнің бір шумағында айтылатын ой, көңіл -күйі, ішкі сезім т. б. екінші шумақта басқа қырына ауысады, түрленеді. Өлеңді мәнерлі оқу барысында, өлең оқудың үлгісін көрсететін адам кез келген өлең шумағын өзі талдау дәрежесінде болмаса өлеңнің жанрлық қасиетін ашып бере алмайды. Сондықтан бүкіл контекске мән беру қажет. Ал осы пікірді «Адасқан өмір» поэмасына жанастыратын болсақ:

*Әділдік, ұлт деген сөз, дін деген сөз,*

*Залымдық жем болмауға қармағы үшін.*

*Істелер мұнан былай менің ісім,*

*Жұмсалсын сол ниетте барлық күшім.*

*Мен зашықпын көруге әділдікті,*

*Тегіс қылып көркейткен өмір түсін.*

деген өлең қатардан-ақ ақынның поэманы жазудағы негізгі мақсат пен идея айқындала қояды. Өйткені ақынның айтпақ ойы осы үзіндінің соңғы екі тармағынан айқын көрініп тұр. Өмірде әділеттілік болса, олбарша жандардың тұрмысын көркейтуге қызмет етсе, міне ақынның басты арманы осы. Осы көрікті өмірді, дарқан тұрмысты көру ақынның бірден – бір мақсаты.

**2.2. Жоғары сыныптағы қазақ әдебиеті пәні дәстүріні □ қысқаша сипаты мен оны оқытудың әдістері туралы.** Жоғарғы сыныптағы қазақ әдебиет тарихының элементарлық курсы фольклордан (ауызша әдебиетінен) бастап, XVIII-XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиеттерді қамти отырып, қазіргі қазақ әдебиетінің үлгілерімен аяқталады. Осындай тарихи хронологиялық желіге негізделіп құрылған тарихи әдебиеттік курс екі жүйемен өтіледі:

- 1) тарихи-әдеби шолулар
- 2) монографиялық тақырыптар

Жоғары сыныптарда өтілетін бұл тақырыптың қай-қайсысы да тарихи принципке негізделіп оқылады.

Шолу тақырыптарды өткенде алдымен сол дәуірдің тарихи-әлеуметтік жағына, саяси оқиғалар негізінде туған таптық-идеялық күрес, жіктелу мәселесіне, осының негізінде туған әдеби бағыттарға, ондағы күрестартыстар, көркем әдебиеттің образдары мен идеяларында болатын сабақтастық байланыстарға әдебиеттің даму процесіне жалпы сипаттама беріледі. Осымен байланысты шолуда қамтылатын ақын, жазушылардың творчествосы туралы қысқаша анықтама беріліп, шығарманың негізгі тақырыптары, идеялық-эстетикалық мазмұны мен маңызы, жанрлары жайында түсінік беріледі.

Монографиялық тақырыптар әрбір тарихи-әдеби шолулардан кейін өтіліп отырылады. Бұл тақырыптарды өткенде, алдымен суреткердің өмір сүрген кезеңіне қысқаша тоқталып, сонан соң өмір мен творчестволық жолына түгелдей сипаттама беріледі. Бұдан кейін жанр ретімен оның негізгі шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұны жайында қысқаша шолу жасалады.

Бұдан соң бағдарлама бойынша міндетті өтілетін шығармасына жан-жақты талдау жасалады, мысалы шығарманың жазылу тарихы, қамтитын дәуірі мен кезеңі, тақырыбы мен идеялық мазмұны, образдар жүйесі, сюжеті мен композициясы, тіл ерекшелігі, көркемдік өзгерістігі, жанры, қандай әдеби бағытқа жататыны, тарихи-әдебиеттік, қоғамдық маңызы т.б.

Талдауда шығарманың әсіресе тілін оқып үйренуге баса көңіл бөлінеді. Өйткені ол көркем әдебиеттің бірінші элементі болғандықтан, шығарманың идеялық көркемдік мазмұнын ашудың басты кілті болып табылады.

Бағдарлама бойынша шолу және монографиялық тақырыптарда әдебиеттің таңдамалы шығармалары енгізілген. Олар тақырыбы, жанры жөнінен әр алуан болып, әдебиеттік тектің үш саласына жататын көптеген ірілі-уақты шығармаларды қамтиды.

Бұл үлгілердің жиынтығы оқушыларға әдебиеттану ғылымының әр саласынан терең және жан-жақты білім беруді, қамтамасыз етуге көмектеседі.

Сондай-ақ VIII-XI сыныптарда берілетін әдеби білімдердің негізінде оқушылардың ауызша және жазбаша түріндегі тіл мәдениеті ілгері дамытылып, әдеби тілмен сөйлей, жаза білуге үйретіледі. Оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту жұмысы да көркем әдебиетті оқып үйренуі арқылы іске асады. Бұл ретте әдебиетке байланысты жүргізілген сыныптан тыс жұмыс түрінің мәні зор.

Жоғарғы сыныптарда тарихи-әдеби шолу тақырыптарды өтудің екі кезеңі бар:

- 1) сабаққа әзірлену кезеңі
- 2) сабақты өткізу кезеңі

Сабаққа әзірлену кезеңі алғашқы кездерде мұғалім шолудың бағдарламасында берілген тезисімен (мәселесімен) танысады. Әдебиет

оқулықтарда берілген шолу материалдарды оқып меңгереді, бағдарламадағы шолулардың тезистері мен оқулықтардың материалдарын салыстырып көреді.

Тарих пен әдебиет - бір-біріне жақын, іргелес ғылымдар. Біреуі-тарихтың ғылыми шежіресі, екіншісі - халықтың көркем хикая-шежіресі. Демек, тарихи дерек, фактілерге сүйенбей әдебиетті оқыту мүмкін емес. Тарихи-әдеби шолуларда қамтылатын мәселелердің бір саласы - көркем сөз мәтінері. Мұғалім белгілі дәуір кезеңінде әдебиетке сипаттама бергенде, тарихи дерек, фактілерді баяндауда, сол дәуірде өмір сүрген ақын, жазушыларға тоқтамай кете алмайды. Мысалы, XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетін монографиялық тақырып ретінде С.Көбеев, С.Торайғыров пен С.Дөнентаевтың творчествосы оқып үйреніледі. Шолуға жататын дәуір кезеңінің сыр-сипатын, ақын-жазушылардың бейнелерін елестететін түрлі иллюстративтік материалдарды да (портрет, шығармалары т.т.) тауып әзірлейді, сабақ барысында пайдаланылады.

Шолу сабақтары жоғарғы сыныптарда әдетте мектеп лекциясы әдісімен өткізіледі. Шолу тақырыптарының материалдарын баяндағанда, мұғалім материалды толық меңгерумен қатар ой-пікірінің айқын, жүйелі, идеялық-теориялық дәрежесі жоғары, сөзі мазмұнды, тілі тартымды болу жақтарына көңіл аударады.

Жоғарғы сыныптарда қазақ әдебиеті тарихының қысқаша курсы өтуде маңызды орын алатын әдеби білім салаларының бірі - монографиялық тақырыптар. Мұнда тақырыпқа бағдарлама бойынша VIII-X-XI сыныптарда өтілетін ақын, жазушылардың өмірі мен творчестволық жолдары, шығармалары жатады. Мысалы, М.Өтемісов, А.Құнанбаев, С.Сейфуллин, М.Әуезов т.б.

Оқушыларды қазақ әдебиетінің тарихи әдебиеттік дамуының процесімен таныстыруда бұл тақырыптың ерекше маңызы бар. Монографиялық тақырыптарды өтуге байланысты істелетін жұмыстардың түрлері мектеп оқушыларына берілетін әдеби білім жүйелері әр алуан. Мысалы, ақын, жазушылардың өмірі мен жазушылық қызметі туралы лекция, негізгі шығармаларды оқу, мазмұнын ұғыну, талдау жасау, әдебиет теориясы мәселелерінен мағлұмат беру, ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстары т.б.

Жоғары сыныптарда тарихи-әдеби шолулар арасында өтілетін монографиялық тақырыптарға байланысты алдымен кіріспе жұмыстар жүргізіледі. Бұларға ақын, жазушылардың өмірі мен творчестволық жолы бағдарлама бойынша өтілуі тиісті шығарманың мазмұнын оқушылардың қаншалықты ұғып меңгергенін байқау үшін жүргізілетін жұмыстар жатады.

Әдебиеттерде өзінің табиғи таланты мен дарындылығы арқасында идеялық-көркемдік сапасы, құндылығы жағынан атамаша туындылар берген суреткердің өмірі мен творчестволық жолын, көзқарасын білу оқушыларға әдеби білім беруде аса маңызды орын алады.

Ақын, жазушылардың творчестволық жолының қалыптасуын, даму кезеңдері мен ерекшеліктерін, аяқталуын білмей тұрып, қазақ әдебиетінің тарихи-әдебиеттік даму процесін ұғыну мүмкін емес.

VIII-XI сыныптарда ақын, жазушылардың өмірі мен творчестволық жолы тарихи-әдебиеттік ізбен өтіледі. Лекциялық сабақтарда қамтылатын басты мәселелер мыналар болуы керек: жазушылардың өмір сүрген, творчестволық еңбек еткен қоғамдық дәуірінің тарихи сипаты, сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдай, жазушылардың шыққан қоғамдық ортасы, алғашқы тәрбиесі, творчестволық қалыптасуы, даму жолдары, аяқталу кезеңі, суреткердің өзіне тән ерекшеліктері, әдебиет тарихына енгізген жаңалығы,

шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұны, жанрлық, көркемдік ерекшеліктері т.б.

Орта мектепте өтілетін ақын, жазушылардың шығармалары жанры жағынан әр алуан. Біреулері бірыңғай поэзиялық шығармалар (М.Өтемісұлы, А.Құнанабаев, С.Дөнентаев, т.б.) кейбірі тек прозалық шығармалар (Ғ.Мұстафин) енді біреулері әрі прозалық әрі драмалық шығармалар (М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов т.б.) енді біреулері, поэзиялық та, прозалық та, драмалық та шығармалар (Б.Майлин, С.Мұқанов т.б.) жазған. Ақын, жазушылардың өмірі мен творчестволық қызметіне шолу жасауға арналған лекциялық сабақтардың алдында тұрған міндет - сабақты өткізуге әзірленген лекциялық материалдық оқушыларға баяндап айтып берудің өзіне тиімді жолдарын қарастырады. Лекцияның бірнеше жолдары бар екені байқалады. Бір түрінде лекциялық материалдардың күрделі жоспарын тізеді, жоспар негізгі бөліктер мен тармақшаларға бөлінеді. Жоспарда баяндалған мәселелер айтылу рет тәртібіне қарай жүйеленіп тізіледі, қажетті даталар мен цитаттар т.б. жоспардың тиісті жерлерде көрсетіледі.

Енді бір түрінде лекциялық материалдардың қысқаша тезисін жасайды. Айтылған ой мен пікірді дәлелдеуге, тұжырымдарға қажетті фактілер мен даталар, цитаттар мен көркем шығармадан келтіретін үзінділер т.т. тезистің тиісті жеріне енгізіліп отырады.

Кейбір ақын, жазушылардың өмірі мен әдебиеттік қызметін өтуде, олардың лирикалық өлең-жырларды айрықша орын алады. Өйткені лирикалық шығармалар суреткерлердің дүние тану көзқарасын, стилін, творчестволық қоғамдық және тарихи-әдебиеттік бағытын танытуға көмектеседі.

VIII сынып қазақ әдебиет тарихының элементтік курсы тарихи-хронологиялық ізбен оқып үйренеді. Кейде баяндап тұрған оқу

материалдардың мазмұнына байланысты оқушылар білмейтін қиын, күрделі атау, терминдер, қажетті даталар кездесіп отырады. Тарихи-әдеби фактілер келтіріледі, сурет-картиналарды, диаграммаларды пайдаланады.

IX-X сынып оқушылары жоспар бойынша лекцияны әрі тыңдап, әрі өздіктерінен жазып отыруға үйретіледі. Оқытушы оқушылардың жазған лекциялық материалын жазған дәптерін жинап алып мәтінеріп, талдау жасап, жетістіктері мен кемшіліктерін көрсете отырып, қысқаша рецензия жазады.

XI сынып оқушыларының лекцияларын жазғандары мезгіл-мезгіл қаралып, жетістік-кемшіліктері талданып көрсетіліп, тиісті нұсқау беріп отырады. Оқытушылардың пысықтау, бекіту кезінде қойған сұрақтарына оқушылардың жүйелі, толық және күрделі түрде жауап қайтаруы талап етіледі. Мұндай сұрақтар тапсырма ретінде сыныпта да, үйге де берілуі мүмкін. Жоғары сыныптарды өтілген лекциялардың сабақтар мазмұны жағынан сапалы, идеялық-теориялық жағынан ұстамды, методикалық жағынан дұрыс болуымен қатар оқушыларға қонымды болуы керек.

**2.3. “Адасқан өмір” поэмасын жаңаша оқытудың негізгі методтары мен бір сағаттық үлгі жоспары.** Сұлтанмахмұт Торайғыров – бас-аяғы бес-алты поэма жазған ақын. Соннан оның ең таңдамалысы “Адасқан өмір” мен “Кедей” поэмалары. Ақынның шығармашылығына назар аударып, көз жіберсек ол 1917 жылдың күзінде “Жас жүрек” деген өлең жазғанын байқаймыз. Онда ақын ағынан жарылып: “өмір бойы алдандым, адасудан көз ашпадым” яғни өмірім – адасқан өмір деп біледі. Соның артынша “Адасқан өмір” поэмасы өмірге келді. Мұнда шығармашылық сабақтастық бар екенін аңғаруға болады.

Поэмада бастан-аяқ лирикалық қаһарманның өмір, адамның жас өзгешелігіне қарай өзгеруі туралы жыр болады. Ал лирикалық қаһарман – ақынның өзі, мұның тәрбиелік күші де эстетикалық қасиеті де ерекше. Себебі бұл арада өлеңді жазған адам оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл-күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. Ақын оқшау образ жасап, оқушыға “содан үйрен не жирен” дегендей ишаратпен ғана тынбайды, оған тура өз басындағы сезім мен сырды тұп-тұтас көшіре салады. Сонда ақын көкірегіндегі сезім – оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр оқырман сыры болады да шыға келеді.

**Сабақтың тақырыбы: Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Адасқан өмір” поэмасының тақырыбы мен идеясын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері**  
(10-сынып, бір сабақтық үлгі)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті туралы түсінік. Осы дәуірдің көрнекті өкілі С.Торайғыров, ақынның өмірі, шығармашылығы туралы берілген түсініктерге шолу жасау, «Адасқан өмір» поэмасындағы ескі өмірден іздегенін таппаған адамның жан күйзелісі мен поэманың идеялық мәнін түсіндіру; тіл ұстарту және пікірлеу қабылетін тереңдету.

**Дамытушылық** – Тек ХХ ғасыр әдебиетінде ғана емес, жалпы қазақ әдебиеті тарихында С.Торайғыров шығармаларының алатын орнын ұғындыру.

**Тәрбиелік** – поэмадағы негізі ой түйін – қоғамдағы әділетсіздік, теңсіздіктің себептерін ашу, теңдік жолын іздеуге талпынған лирикалық қаһарманның толғаныстарын аңғарту туралықты, адалдықты, әділдікті негізі мақсаты ете білуге баулу

**Сабақтың түрі:** жаңа материалды меңгеру сабағы.

**Сабақтың мазмұны:**

1. Ірі суреткер – реалист (Ақын таланты туралы кіріспе-лекция).
2. “Адасқан өмір” поэмасының тақырыбы
3. Лирикалық қаһарманның жан күйзелісі
4. «Қарғаймын әділдіктен басқа жолды»
5. «Мен ғашықпын көруге әділдікті»
6. «Қартаймайтын, өлмейтін өмір тауып»

**Сабақтың көрнекілігі:** Ақын портреті, плакаттар, ақын шығармашылығына арналған сынып кітапханасы, мультимедиялық слайд.

**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, анатомия.

**Сабақтың барысы.**

Мұғалім бүгінгі сабақтың мақсатын түсіндіреді, оқушыларға ақын өмірі мен шығармашылығы жайлы сұрақтар қояды.

1. Сұлтанмахмұт туралы не білесіңдер?
2. Ақынның өлеңдері қандай тақырыпта жазылған?
3. Ақынның көлемді тақырыпқа жазылған және қандай туындыларын білесіңдер? т.б.

Сабақта осы сияқты сұрақтар берілсе оқушының өзіндік пікірі мен белсенділігін байқау мен бірге оқытушының да жаңа сабақта қандай мәселелерге назар аударатындығына мүмкіндік туады.

Ақынның “Адасқан өмір” поэмасын сөз етуден алдын аоэма жанрының өзіне тән әдеби-теориялық ерекшелігін оқушыларға түсіндіріп өтеді.

Оқытушы поэма туралы түсініктен кейін ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған хроникалық таблицаны тақтаға іледі.

<b>Жылдар</b>	<b>Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы деректер</b>
<b>1893 жыл 28 қазан</b>	Қазіргі Ақмола облысы қызылту ауданында туған.
<b>1908 жыл</b>	Әдбірахман молданың медресесінде білім алған.
<b>1912 жылы</b>	Троицк қаласында, онда Ахун рахманқұли медресесінде оқиды
<b>1914 жылы</b>	Баянауылда бала оқытады, Семейге тағы да оқу іздеп барады
<b>1914 жылы</b>	Қатонқарағайға барып бала оқытаду
<b>1916 жылы</b>	Томск қаласына барып семинарияға оқуға түседі
<b>1917 жылы</b>	Тағы да Семейге келеді «Сарыарқа» үнқағазы мен «Абай» журналына мақалалар жазып, «Алаш» партиясына мүше болады
<b>1918 жылы</b>	Тағы да Баянауылға келеді, туған жерінде науқасаынан емделеді
<b>1920 жылы</b>	Баянауылда науқасы қайт асқынып өмірден озады.
<b>1920 жыл 21 мамыр</b>	Ұзақ созылған ауру «Қараңғы қазақ көгіне күн» болуды мақсат тұтқан ұлы ақынның арман отын сөндіріп, ажал құшағына береді. Небәрі 27 жас өмір сүріп, дүниеден озған ақынның соңғы сөзі «Тым болмаса екі жыл тұра алмадым, іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын» болған екен.

Кейін оқытушы оқушылармен ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы қысқаша сұрақ-жауап өткізеді.

Сұлтанмахмұт білім алу жолындағы іздену сапарында көп қиындық көреді.

Қанша ізденіп, қанша талаптанса да, жоқшылық оның қолын байлайды, аяғына тұсау болып шырмала береді.

*Малдылық, маскүнемдік, қарны тоқтық,*

*Деуші едім неге керек дүние боқтық.*

*Қазақтың қаны-жаны сонда екен зой,*

*Діңкемді міне құрттың әттең жоқтық,* -деп Сұлтанмахмұт көп қайғырды.

«Талаптыларға», «Шығамын, тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» деген өлеңдерінің бәрінде де Сұлтанмахмұт өнер-білім, оқу жайын көп мадақтайды. «Ақтармын оқып шығып адам атын» деп өіне-өзі қатты талаптар қояды. Бұл өлеңдері балаларды білім алу, іздену жолында қажырлылыққа, төзімді болуға, қиындықты жеңе білуге үйретеді. Сонымен қатар оларды халық алдына қызмет етуге міндеттейді.

### **«Қарғаймын әділдіктен басқа жолды»**

Поэмада лирикалық қаһарманның аузынан баяндалатын бес бөлім бар.

Бұл бөлімдер мыналар:

- 1) адамның сәби шағы
- 2) жігіт шағы
- 3) ұлғайған, тоқтаған кезі
- 4) кәрілік кезі
- 5) өлген мезгілі

Ақын өзі өмір сүрген қоғам жағдайындағы адам тағдыры жайлы адамзат өмірінің барлық кезеңін суреттеу арқылы философиялық ой түйеді. Жырдың бастан-аяғында біз лирикалық қаһарманның басынан өткен жай-күймен танысамыз. Лирикалық кейіпкер өзінің туған күнінен бастап, өлгенге

шейінгі өмірін әңгімелейді. Саналы ғұмырында не көрді, әділеттілік не, әділетсіздік қайсы? Оны тудырып отырған жағдай қандай? Лирикалық кейіпкер осы сұрақтарға жауап іздейді.

Сәбилік – адам өмірінің уайымсыз, қайғысыз, кіршіксіз таза бастау көзі, кезеңі. Бұл шақта бала алдау, арбау, қайғы, дос, қас, бай, кедей дегендердің ешқайсысын білмейді. Оның ұғымын кеңейтетін, тәрбие беретін - орта, қоғам, бұан болашақ ақын күдікпен қарайды:

*Кім біледі, қоярсың еркімді алып,*

*Кім біледі, қоярсың көркімді алып.*

*Кім біледі, бұл ерік, бұл көріктің,*

*Жоғалғанын білмесін қайда қалып.*

Жырдың лирикалық қаһарманы өмірге осындай ұғыммен, күдіктене келеді. Жігіт болып етек жеңін жиған кезде де ол өзі өмір сүрген ортадан ыңғайлы мамандық, өз өмірі мен халық мүддесін байланыстыратын пайдалы жол таба алмайды. Қаһарманымыз әкім немесе бай болуды да, әскербасы, ғалым болуды да таңдап, байқап көреді. Осылардың ешқайсысынан өз басына қажет бостандық пен әділдік тапба алмайды. Сөйтіп олардың бәрінен безінеді.

Автор кейіпкердің аталған жолдарды таңдаудан бас тарту себебін қоғамдық әділетсіздік көзқарастармен дәлелдейді. Мұның бәрі адал талап жолы емес, алдамшылық жолы деп түсінеді.

*Жоқ, байымас брі күнде адал еңбек,*

*Біреу байыса, біреулер кедейленбек.*

*Кімде-кім тез байыса қолына ағып,*

*Кім кедей болса, соның малы келмек.*

*Несі бақыт алдап ап, арбап алып,*

*Өз малын өздеріне қайтып бермек.*

Ақынның негізгі ойын «Мақсаты бір-біріне қайшы топты бауыр ғып, тату өмір сүргізсем», - дегенге сайғызғысы келеді. Бірақ онда да ретін таба алмайды.

*Өмірдің бұл түрінде ешбір әкім  
Мүмкін емес әділдік қылуға елге.  
Себебі: тастап әкім бола алмайды,  
Байлар мен молдалардың сөзін жерге*

*Күшті таптың ыңғайын қылмасқа жоқ,  
Мүбәда әкім болсам егер мен де.  
Бір сағат та қыла ма, мені әкім,  
Болыса бастасам мен күші кемге, -*

деп ойлап, әкімдік бақыт емес, ол байларға малай болу, бұл - қорлық деп, бұл ойынан да бас тартуды ұйғарады.

Одан әрі әскер басы, қолбасшы болуды армандайды. Бірақ ақша билеген заманда бұл да бақыт емес:

*Найзаның күшіменен жанған бақыт,  
Бір кезде найза ұшында өшпеске жоқ.*

Соғыс - ақын ұғымында, жазықсыз қан төгу. Поэманың бұл бөлімінде ол қалталылардың байлығын молайтуға капиталистик соғыстың қалай көмектесіп жатқанын баяндайды.

*Керек-жарақ бәрі де қымбаттанар,  
Соғыстың шығындарын елге салмақ.  
Мұқтаждық халдерінен пайда алуға,  
Бір жақтан саудагерлер салар қармақ.*

*Соғыс болса жауғандай көктен алтын,*

*Капиталист, байларға әдейі арнап.*

*Бас көтерер еркегі соғыста боп,*

*Шаруа істелмей, кедейлер мұқтажданбақ.*

Ендігі лирикалық қаһарманымыздың соңғы арманы - ғалым болу. Ол адам ауру көрмей, қартаймайтын болса, мал қыратын ауруларды да емдесем деп қиялдайды. Бірақ ол адамға зорлық жасалатын өкіметте ғылымның табысы халық игілігіне жұмсалмайтынын ескері, мұдан да безінеді,

*Бірақ бүгін ғылымның тапқандары,*

*Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі.*

*...Бұл қалыпта ғылымды пайдалы деп,*

*Алғыс айтып тұрған жоқ жанның бәрі.*

Азамат боп жұмысқа кіріп, кәсіп таңдағанда осының біріне тоқтамаған лирикалық кейіпкердің ой-түйіні, ең алдымен, әділ қоғам іздеуге барып тоқталады. Мұны ол «негізгі іс» деп ойлайды.

*Еңдеше мен жабысам негізгі іске,*

*Әділдікте - бар негіз, бақ та, күш те.*

*Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,*

*Өнім тұрсын, кірмесін түнде түске,*

- дейді.

### **«Мен ғашықпын көруге әділдікті»**

Жырдағы негізгі кейіпкері іздейтін ендігі жол қандай болу керек? Оны табу жолында қаһарман нені амалға асыруы қажет? Бұл мәселе Сұлтанмахмұтты ерекше ойға қалдырады. Ол өзінің ендігі саналы өмірін осыған арнауға бел байлайды.

*Бар адам жерден тамақ алмақ үшін,*

*Жиылып бірге күшін салмақ үшін,*

*Бірі еңбек қып, бірі оны жатып жемей,*

*Теп-тегіс бұл жұмысқа бармақ үшін...*

*Істелер мұнан былай менің ісім,*

*Жұмсалсын сол ниетте барлық күшім.*

*Мен ғашықпын көруге әділдікті,*

*Тегіс қылып көркейткен өмір түсін.*

Сұлтанмахмұт өзі аңсаған әділет жолы – күллі адамзатқа теңдік әперетін, шынайы да бақытты тұрмыс алда деп үміт етеді. Оның өз ұғымындағы сөзбен салынған суретін былай жырлайды:

*Ол өмірде бірді-бір алдау болмас,*

*Жағынып арды ақшаға жалдау болмас.*

*Ешкімнен достық таппай, қастық көріп,*

*Бар адамды сайтан деп қарғау болмас...*

*Әкіммін, құдайшылмын, әскермін деп,*

*Еңбексіз еңбекшілді жалмау болмас.*

*Не кәрілік, не бір апат келген күні,*

*Көшеде қайыршы боп сарнау болмас.*

*...Таудай үміт һәм талап орындалар,*

*Еш еңбек бұл күнгідей жанбау болмас.*

*Жұмысқа кем көзбенен қарау болмас,*

*Жұмыссыздық қорлық деп санау болмас.*

Сұлтанмахмұт аңсаған әділ қоғамның белгілері тәуелсіздік құрған біздің осы заманымызға жақын келетінін аңғару қиын емес. Бұл - оның шығармашылық жолындағы елеулі қол жеткізген табысы.

**«Қартаймайтын, өлмейтін өмір тауып»**

«Мен тоқтадым», «Мен кәрі», «Мен өлік» деп поэманың соңғы бөлімдерінде айдар тағылған. Мұнда Сұлтанмахмұт адам өмірінің осы кезеңдеріндегі ерекшеліктеріне, оның тұрмыспен байланысына, өмір ағымындағы орнына назар аударады. Оның кейіпкері жасы ұлғайған, тоқтаған шағында да әділеттік туралы ой-түйінін қайталайды. Бұл дүниеде әділдік таппаған ол жалған бар болса, ол жақта да осы күресін тоқтатпай жалғастыратынын сеніммен баяндайды, жарияға жар салады. «Бай жағы жүз мың болса, кедей - жалғыз, қорықпай жалғыз жақта қалар едім», - деп толғауы осының айғағы.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Сұлтанмахмұт өмірінің негізгі кезеңдері жайлы әңгімелендер?
2. Қазақ жұртында ғасырлар дауамында белең алған әділетсіздік пен келеңсіздік жайы суреттелген ақынның қандай өлең-жырларын білесіңдер?
3. «Кедей» поэмасында ақынның қайсы өлеңдерімен үндеседі? Нақты мысал келтіріңіздер?
4. «Адасқан өмір» поэмасында ескі қоғам жағдайындағы адам өмірінің ақын қалай суреттеген?
5. Торайғыров шығармаларының маңызы жайлы айтыңдар?

Осы тектес сұрақтарға оқытушы мен оқушы әңгімелесу, сұрақ-жауап үлгісінде амалға асырылады.

1-қосымша

“БББ” тапсырмасы беріледі: Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы туралы нелерді білдіңіздер?

<b>БББ ТАБЛИЦАСЫ</b>		
<b>БІЛЕМІН</b>	<b>БІЛДІ ҚАЛАЙМЫН</b>	<b>БІЛІП АЛДЫМ</b>

Поэма жанры туралы не білесіздер?



## Шағын көлемді

- ◆ Әңгіме
- ◆ Новелла
- ◆ Аңыз
- ◆ Ертегі
- ◆ Миф
- ◆ Очерк
- ◆ Мысал

## Орта көлемді

Повесть

Поэма

## Кең көлемді

- ◆ Роман
  - ◆ Роман түрлері
  - ◆ плуттық роман
  - ◆ авантюралық роман
  - ◆ тарихи роман
  - ◆ публицистикалық роман
- ◆ Эпопея – эпостың шыңы
  - ◆ Негізгі кейіпкері бір адам емес, халық.
  - ◆ Суреткер шындығы – халық басынан өткен келеңсіз құбылыстар

## «Ой түйю» стратегиясы

Сұлтанмахмұттың: «...Жоғалсын бұл «сенікі», «менікілік», Осы ғой адамзатты қырған індет, - деген әлеуметтік принципімен сабақ қорытындыланады.

Жалпы алғанда Сұлтанмахмұт жастарды Отан алдында, халқы алдында қызмет етуге үйретудің, бұл жолға барлық ынта-ықыласпен аянбай кірісудің қажет те міндет екенін түсіндірді. Жастарды өз отанының өмірлік даңқы үшін күресетін, өз халқы алдында адал қызмет етіп тәрбиелеуде Сұлтанмахмұт өлеңдерінің тәрбиелік мәні, оның қазақ әдебиеті тарихы мұрасынан алатын салмақты орны осындай. Сұлтанмахмұт аз өмір сүрсе де халқы алдында осындай елеулі еңбек қалдырды. Өзін-өзі таныта алды.

*Ер өлседе, еңбегін ел өлтірмес,*

*Неше мың жыл өтсе де, тарих білмек, -*

деп Сұлтанмахмұттың өзі айтқандай, әдебиет және мәдениет қорымыздан сонымен бірге төл әдебиетімізден де оның еңбектері үлкен орын алып мәңгілік сақтала қала бермек, ұрпақтан-ұрпаққа мирас боп айтыла бермек.

## Қортынды

Әдебиеттің өзіндік процессін ашу міндеті орасан көп жауапкершілік жүктейді. Сондықтан оны бір адамның бірер еңбегі көлемінде шешіп беруі мүмкін де емес, міндетті де емес. Тіпті мәселені олай үзілді-кесілді қоюдың өзі дұрыс болмаған болар еді. Сол себепті біз әдебиеттің тұтас қалпын сөз еткенде, өзіміздің тақырыбымызға лайық әдеби байланыстарға көбінесе идеялық тақырыптық ерекшеліктері жағынан баға беруге, талдау жасауға, олардың әдебиеттің тетігін тауып қалану сипатына молырақ назар аудардық. Бұдан әрине, әдебиеттің әсіресе осы тұста ерекше көзге түсетін жанрлық өсу, өрлеу жолы, көркемдік өзгешеліктері мүлде сөз болмайды деген ұғым тұмауы керек. Бұлар да қажетті жерінде айтылды да, талданды да.

Алайда бүкіл жағдайдың қиындығы сол ескі қоғамдық өмірдің негізгі кертартпалық сырларын орынды танып, жаң қоғамдық тәртіпті аңсап, асыға күткен С.Торайғыров қанша ізденгенмен болашақ қоғамның негізгі белгілерін нақты байқап, болжап тұрғанның өзінде, соған тура барудың жолын көрсете алмады. Сөйтіп ол келешегі нұрлы заман туралы, ғылымды меңгерудің биігіне жете алмай, әуелгі ағартушылық-демократиялық ой-пікірдің жетегінде қалып қойды. Оның жана өмірге жету жолында ұсынған мына түйіні соның айқын дәлелі болып табылады:

Жол қайсы құдай салған, сайтан салған.

Білмеймін осы жері маған арман.

Мейлі құдай берсін, шайтан берсін

Мақсатым оқу, оқу көңіліме алған-деген қортындымен тынды. Қазақ қоғамындағы тарихи қайшылықтардың ортасында өмір сүріп, ескіліктің етек бастысын көпкөрген талантты ақын, сөйтіп нұрлы келешекке жетудің жолында ағартушылық жолдан өзге тиімді, шешуші жолды көре алмады.

Ақынның кей-кезде идеялық адасушылыққа душар боп, алашордашыл ұлтшылдардың ықпалында болуы осындай күрес заманында дұрыс бағыт, төте жол таба алмағандығының нәтижесі еді.

1918-жылы деп жазады академик жазушы С.Мұқанов,-жазылған «Адасқан өмір» поэмасымен сол жылы жазылған тағы бір мақаласына карағанда Сұлтанмахмұтөз бағытын дұрыс таңдап алғандығын ұққан адам. Бірақ мәселе ұғуда ғана емес, сол нұрлы келешекке апарар жолды таба білуінде.

Алайда осындай олқылықтарына қарамастан С.Торайғыровтың «Адасқан өмір» және «Кедей» сияқты шығармаларының әдебиеттегі орнын, ақынның қоғамдық әлеуметтік пікірлерін білдірудегі қызметін лайықты бағалауға тиіспіз. «Адасқан өмір» және «Кедей» - қазақ әдебиетінің даму тарихындағы елеулі қыраттар, ол екі шығармасы арқылы С.Торайғыров идеялық-көркемдік жағынан әдебиетімізде жаңа сөз айтты. Ол өз сөзінің таптық сөз, қанаушыларға, қорлаушыларға бойсынбайтын сөз еді.

Қысқасы сол дәуір идеясына көтеріле алмаса да, алғаш рет қазақ поэмасында әлеуметтік-қоғамдық сарындарды мейлінше күшейтіп, өткірлеп, сол кездегі қазақ поэмасында тап қайшылығын, тап тартысын бадырайта суреттеді деген болатын Ы.Дүйсенбаев пен С.Сейітов С.Торайғыровқа берген бағасында. Бұл өте орынды айтылған қорытынды.

С.Торайғыровтың сол кездегі қоғам, саясатқа арналған мақаласы да аяқталмаған еңбегі болып саналады. Алайда бұл мақалаға байланысты атап өтуге С.Торайғыровтың осындай саяси мәселелерге арнап мақала жазбақ талабының өзі де үлкен мәні бар құбылыс еді. Ол өзінің саясат, ғылым туралы білу, үйрену, іздену, ұмтылыу қадамын танытты. Сондықтан да біз С.Торайғыров шығармаларын сөз еткенімізде бұл мақаланы да атап өту орынды деп есептедік.

Сұлтанмахмұт шығармаларын жинау, бастыру, зерттеу ісінің де ұзақ тарихы бар. Бұл үлкен істің басында Жүсіпбек Аймауытов сияқты ұлы жазушымыз тұр. Ол 1927 жылы 15 қарашада Мәшһүр-Жүсіпке жазған хатында «Сұлтанмахмұт сөздерін былтыр түгел жинап, үлкен кітап қылып, баспаға бергенмін. Одан «басылады» деген хабар алып отырмын», - деп жазыпты. Алайда кітаптың жарық көруін тағдыр Жүсіпбекке жазбады. Ол 1933 жылы ғана Жүсіпбек жазған алғы сөзбен, түсініктерсіз жарық көрді. Одан бергі дәуірде Сұлтанмахмұт шығармалары бірнеше рет басылды. Оны зерттеу саласында Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, Д.Әбілев, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Т.Әбдірахманов, Ш. Сәтбаева, Қ.Шәменов, А.Еспамбетов сияқты әдебиетшілер едәуір еңбек етті. Қазіргі ұлттық әдеби мұраға деген жаңа көзқарас қалыптаса бастаған тұста Сұлтанмахмұт шығармалары толықтырылып қайта басылып, зерттеле бастады. Ол шын мәніндегі XX ғасыр басындағы демократтық әдебиеттің ірі өкілі болып табылады. Сондықтан да оның мұраларын зерттеу, келешек жастарға ұғындыру зиялы қауым алдындағы қарыз бен парыз деп білген жөн.

## Пайдаланған әдебиеттер:

1. И.А.Каримов. Амир-Темур бизің мақтанышымыз», Нөкіс, «Қарақалпақстан», 1997, 50-бет.
2. М.Әуезов. Толық шығармалар жинағы. Алматы. «Жазушы», 1985, 20 томдық.
3. Қ.Хамид. Тауарих Хамса, Алматы, «Қазақстан» 1997, 340 б.
4. З.Қабдолов. (Әдебиет теориясының негіздері) өңделіп толықтырылған екінші басылымы. Алматы, 2002 ж. 340 б.
5. Е.Исмайллов. Әдебиет жайлы ойлар. Алматы. «Ғылым» 1960ж. 360 б.
6. Ғ.Мүсірепов. Суреткер парызы. Алматы. «Жазушы» 1970, -544б.
7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. (Құрастырушылар З.Ақметов, Т.Шаңбаев). Алматы. «Ана тілі» 1997. 240б.
- 8.Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиеті тарихы. XVIII-XIX ғғ. Алматы. «Мектеп» 1981 ж 163 б.
9. Ш.Уәлиханов, таңдамалы, Алматы. «Жазушы» 1984 ж. 570 б.
10. Байбатша Әділхан Қазақ даласының ежелгі тарихы. Оқу құралы. Алматы. «Санат». 2001 ж.
11. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Оқу құралы, 1-кітап. Алматы. «Санат» 2001 ж.
12. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Оқу құралы, 2-кітап, Алматы, «Қазақстан университеті» 2002 ж.
13. Бердібай Р. Ел боламыз десек. Алматы, «Қазақстан» 2000 ж.
14. Молдабеков Ж. Қазақтану, Алматы, «Қазақ университеті» 2003.
15. Ш.Қ. Сәтбаева. Шоқан Уәлиханов- филолог. Алматы. «Ғылым» 1987 ж.
16. Дәстүр және жаңашылдық. Алматы. «Ғылым». 1980ж.

17. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін бес томдық. Алматы «Атамұра»баспасы 1983 ж.
18. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін бес томдық. Алматы. «Ғылым». 1983 ж.
19. Б. Шалабаев. История казахской прозы. Алматы. «Жазушы» 1978 ж.
- 20.Чокан Валиханов. Ибранные произведения Художественный лирературы. Алма-ата.1958 г.
21. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Екінші кітап. Алматы Екінші кітап. «Ғылым академиясы». 1974 ж.
22. Тұрсынбек Кәкішев. Қазақ әдебиеті сының тарихы. Алматы, «Санат» 1994 ж.
23. Түркстан халықтарының энциклопедиясы. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы» 2000 ж.
24. Р.Бердібаев. Ғасырлар толғауы. Алматы «Жазушы» 1977 ж. 320 бет.

Электрондық білім ресурстары

1. [www.tdpu.uz](http://www.tdpu.uz)
2. [www.pedagog.uz](http://www.pedagog.uz)
3. [www.Ziyonet.uz](http://www.Ziyonet.uz)
4. [www.edu.uz](http://www.edu.uz)
5. [tdpu-INTRANET. Ped](#)

## МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....	4
Кіріспе. Ақынның өнегелі өмір жолы .....	6

### **1. ТАРАУ. СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ – ПОЭЗИЯ ШЕБЕРІ**

1.1. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэмаларының мазмұны, тақырыбы мен идеясы .....	11
1.2. «Кедей» поэмасының көтерген мәселесі .....	25

### **2. ТАРАУ. СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ – ПОЭМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

2.1. Поэма жанрының өзіндік ерекшеліктері мен оны оқытудың әдіс-тәсілдері.....	34
2.2. Жоғары сыныптағы қазақ әдебиеті пәні дәстүріні □ қысқаша сипаты мен оны оқыту әдістері туралы .....	37
2.3. “Адасқан өмір” поэмасын жаңаша оқытудың негізгі методтары мен бір сағаттық үлгі жоспары .....	43
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>55</b>

<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>58</b>
---	-----------